



**«С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТ» КОМЕРЦИЯЛЫҚ  
ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ  
ЖАРҒЫСЫ**

Алматы қаласы, 2018 жыл



## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «Ұлттық медицина университеті» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Университет) осы Жарғысы (бұдан әрі – Жарғы) – құрылтай құжаты болып есептеледі, Университет аталуын, орналасқан жерін, заңды мәртебесін, қызметінің мақсатын, функциясын және мәнін, Университет органдарының қалыптасу тәртібін және құзыретін, жалғыз акционердің құқықтары мен міндеттерін, қайта құрылу және қызметін тоқтату талаптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де жағдайларды анықтайды.

2. Университеттің толық аталуы:

1) мемлекеттік тілде: «С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» комерциялық емес акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде: некоммерческое акционерное общество «Казахский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова»;

3) ағылшын тілінде: «Asfendiarov kazakh national medical university» non-commercial joint stock company;

Университет аталуының қысқартылған түрі:

1) мемлекеттік тілде: «ҚазҰМУ» КЕАҚ;

2) орыс тілінде: НАО «КазНМУ» ;

3) ағылшын тілінде: «AKNMU» NCJSC;

3. Университет атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би к-сі 94.

4. Университеттің корпоративтік сайты: [www.kaznmu.kz](http://www.kaznmu.kz).

5. Университет білім беру, ғылыми-зерттеу, мәдени-ағартушылық және басқа да жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, қосымша кәсіптік білім беру саласында қызметін атқаратын жоғары кәсіби білім беретін коммерциялық емес мекеме болып табылады.

6. Университетте діни ұйымдардың (бірлестіктердің) құрылуына және қызметіне жол берілмейді.

## 2. УНИВЕРСИТЕТТІҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

7. Университет құрылтайшысы – Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті. Университет акцияларының мемлекеттік пакетін жарғылық капиталдың 100% мөлшерінде иелену және пайдалану құқықтарын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі – Жалғыз акционер) жүзеге асырады.

8. Университет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы» (әрі қарай - АҚ туралы заң), «Білім туралы» Заңдарын және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны және Университеттің өзге де ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

9. Университеттің қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестік негізде жүзеге асырылады. Университет қызметі жарғылық капитал қаражаты есебінен, табыстар есебінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамаларында тыйым салынбаған өзге де көздерден қаржыландырылады.

10. Университеттің жеке мөрі, дербес балансы, банк шоттары бар және өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар алынады, жауапкершілікте болады, сотта талапкер және жауапкер ретінде қатысады.

11. Университеттің негізгі мақсаты табыс табу болып табылмайтын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес коммерциялық емес акционерлік қоғам болып табылады.

12. Университет Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап заңды тұлға мәртебесін алады.

### **3. УНИВЕРСИТЕТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТҮРЛЕРІ**

13. Университеттің негізгі қызметтері:

1) білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілерде көзделген білімнің барлық түрлері бойынша жоғары кәсіби медициналық және фармацевтикалық білімі бар жоғары білікті мамандарды даярлау;

2) резидентура, магистратура және докторантурада жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындау;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның атынан халықаралық қоғамдық және өзге де ұйымдардың бағыттарында, сондай-ақ шетел мемлекеттерінің жоғары оқу орындарымен және шетелдік азаматтармен жасасқан келісім-шарттар мен шарттар негізінде жасалған халықаралық келісімдер бойынша шетел мемлекеттерінің азаматтарын оқыту, қайта даярлау және біліктілігін арттыру;

4) Университеттің клиникалық бөлімшелерінің базасында қолданыстағы заңнамамен қарастырылған әртүрлі нысандарда медициналық көмек көрсету, соның ішінде медициналық, білікті, мамандандырылған медициналық көмек, жоғары мамандандырылған және мамандандырылған медициналық көмек, әлеуметтік медициналық көмек, зертханалық диагностика;

5) денсаулық сақтау және медициналық білім беру мәселелері бойынша ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу;

6) ғылыми-педагогикалық қызметкерлер мен студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары мен шығармашылық қызметі арқылы медициналық-биологиялық ғылымдарды дамыту, оқу үрдісінде және денсаулық сақтау практикасында алынған нәтижелерді пайдалану;

7) Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында, ғылыми орталықтарында және шетелде магистратура мен докторантурада Университеттің ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларын даярлау, қайта даярлау;

8) студенттерді, интерндерді және дәрігерлерді заманауи диагностикалық технологиялармен оқыту;

9) ғылыми-зерттеу жұмыстары шеңберінде дәрілік препараттар, таңу материалдары, медициналық мақсаттағы бұйымдар, азық-түлік, косметикалық өнімдер мен медициналық диагностикалық жабдықтардың клиникалық, зертханалық және клиникалық сынақтары;

10) оқу процесіне және университеттің ғылыми-зерттеу жұмыстарына тәжірибелік жануарларды өсіру және қолдау;

11) денсаулық сақтау және медициналық білім беру саласындағы ғылыми және оқу-әдістемелік іс-шараларды, көрмелерді, семинарларды, конференцияларды, жиналыстарды, форумдарды, симпозиумдарды, тренингтерді ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;

12) меншікті мүлікті жалдау және басқару.

14. Белгілі бір қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін уәкілетті органдардың арнайы рұқсаты қажет болған жағдайда, Университет осы қызметтің түрлерін белгіленген тәртіппен тиісті рұқсат алғаннан кейін ғана жүзеге асырады.

#### **4. УНИВЕРСИТЕТТІҢ ҚҰРАМЫ, ҚҰРЫЛУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ҚҰЗЫРЕТІ**

15. Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес әрекет ететін Университеттің негізгі құрылымдық бөлімшелері болып мектептер/факультеттер, ғылыми-зерттеу институттары, университеттік клиникалар, білім беру және ғылыми орталықтар, кафедралар, лабораториялар, мұражай, ғылыми кітапхана, департаменттер, бөлімдер, қызметтер, секторлар, филиалдар мен өкілдіктер табылады.

16. Университет Жалғыз акционердің мүлкінен бөлек меншікке ие және оның міндеттемелері бойынша жауапты емес. Университет меншігі негізінде өз міндеттемелеріне жауапты.

17. Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің құқықтық мәртебесі мен қызметтері осы Жарғымен және осы Жарғыға қайшы келмеуі тиіс Басқарма Төрағасы – Ректормен бекітілген Университет құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерімен анықталады.

18. Университет құрылымының өзгерістері осы Жарғымен оған берілген өкілеттіктер шегінде Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен бекітіледі.

19. Университет өзінің барлық құрылымдық бөлімшелерімен бірыңғай болып табылады. Университеттің бірыңғай білім беру және ғылыми кешені ретінде жұмыс істеуі:

1) Басқарма төрағасы - Ректормен бекітілген құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерінде мақсаттар мен міндеттерді, сондай-ақ олардың қызмет бағыттарын анықтаумен;

2) Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерінің оқытуды ұйымдастыру мен оқу үдерісін қамтамасыз етуге міндетті түрде қатысуымен;

3) Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерінің Университет Ректорының және Проректорларының шешімдерін, бұйрықтары мен өкімдерін орындаумен жүзеге асырылады.

20. Университет Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық құқықтарға ие және міндеттерді атқарады.

21. Университет өзімен және мемлекеттік және шетелдік университеттермен, ғылым Академияларын, оқу басқармасының органдарымен, атқарушы биліктің мемлекеттік органдарымен және өзге де мекемелермен жасалған шарттар, келісімдер және келісім шарттар негізінде, тура екіжақты және көпжақты байланыстар жасауға, әртүрлі қызмет түрлерін жүзеге асыруға (кадрларды дайындауды жүзеге асыру, студенттерді оқыту, академиялық ұтқырлық шеңберінде мамандармен алмасу және т.б.), инновациялық қызметке ат салысу, конференцияларды ұйымдастыру, ақылы қызмет

көрсету, ғылыми, мәдени-ағартушылық және өзге де өзге қызметтерді жүргізуді өз бетімен жүзеге асыруға құқығы бар.

22. Университет Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады.

23. Университет өз бетімен, орындалатын жұмыстар көлеміне және формаларына негізделіп, штат кестесін дайындайды, құрылымдық бөлімшелердегі қызметкерлердің санын анықтайды. Қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу мәселелерін өз бетінше шешеді, кадрларды іріктеуді және орналастыруды жүзеге асырады, оның ішінде профессор-оқытушылар мен ғылыми құрамды жинақтау, декандар мен кафедра меңгерушілерінің, ғылыми-зерттеу институттарының директорлары, басқа оқыту және қолдау бөлімшелерінің басшылары (орталықтар, бөлімдер, зертханалар) Университеттің директорлар Кеңесі анықтайтын, жалпы саны шеңберінде. қызметкерлердің штаттық кестесін, декандар мен бөлімдердің басшыларын ауыстыру;

24. Университет Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің аумағында еншілес ұйымдарды, филиалдар мен шаруашылық серіктестіктер мен акционерлік қоғамдардың құрылтайшысы (қатысушысы), оның ішінде шетелдік қатысуы бар кәсіпорындарға, қауымдастықтарға, одақтарға қосылуға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды пайдалануға құқылы.

25. Филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлғалар болып табылмайды және олар туралы бекітілген Ережелер негізінде Университет атынан әрекет етеді. Филиалдың немесе өкілдіктің меншігі олардың жеке балансында және тұтастай алғанда Университет балансында есепке алынады. Филиалдардың немесе өкілдіктердің басшылары Университет Басқарма Төрағасы - Ректоры берген сенімхат негізінде әрекет етеді.

26. Университет Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жалға беруші және (немесе) жалға алушы ретінде әрекет етуге құқылы.

27. Университет әлеуметтік жеңілдікке ие, университетте оқитын білімалушыларға тамақ пен баспанамен қамтамасыз етеді, университетте оқитын білімалушыларға медициналық қызмет көрсетеді, сонымен қатар Университетте оқитын білім алушылар үшін мәдени-көпшілік және спорттық-сауықтыру іс-шаралар ұйымдастырады.

28. Университет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес заңмен қорғалатын мемлекеттік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты, және де өзге де заңмен қорғалатын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді, және өз құзыреті шегінді, ұтқыр дайындық бойынша, азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардын алдын алу және жою бойынша оқыту іс-шараларын жүргізеді.

29. Университет зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқықтардың иесі бола алады, сондай-ақ лицензиялық келісімдер (келісім шарттар) негізінде зияткерлік меншік объектілерін пайдаланады.

30. Университет Қазақстан Республикасының аумағында және шет елдерде орналасқан банктерде және басқа қаржы ұйымдарында, ұлттық және шетел валютасында шоттар ашу құқығына ие, сондай-ақ қаржы құралдарында уақытша бос ақша қаражатын орналастыруға құқылы.

31. Университет Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес теңгемен және шетел валютасында қарыздар мен несиелер алуға және пайдалануға құқылы.

32. Университет ішкі нормативтік құжаттарды әзірлейді және бекітеді.

## **5. УНИВЕРСИТЕТ МҮЛКІ**

33. Университет мүлкі:

- 1) Университет акцияларын төлеуге Жалғыз акционер берген мүлік есебінен;
- 2) оның қызметінен түскен табыс есебінен;
- 3) Қазақстан Республикасы заңнамаларында тыйым салынбаған негізде сатылып алынған өзге де мүлік есебінен құрылады.

34. Университеттің қаржы-шаруашылық қызметі даму жоспарына сәйкес заңнамада белгіленген тәртіппен Университеттің Директорлар кеңесімен бекітетін даму жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

35. Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесінде, салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейінгі алынған таза кіріс, Жалғыз акционердің шешімі бойынша бағытталады.

## **6. УНИВЕРСИТЕТ АКЦИЯЛАРЫ**

36. Университет жай акциялар бойынша дивидендтер есептемейді және төлемейді.

37. Университет тек жай акцияларды шығаруға құқылы. Университеттің бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасымен айқындалады.

38. Жай акция Жалғыз акционерге «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, оның қарауына ұсынылған барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқық береді.

39. Университеттің акциялары құжаттандырылмаған түрде беріледі.

40. Университеттің жарияланған акцияларының саны шегінде Университет акцияларын орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны және оларды орналастыру (өткізу) тәсілі және бағасы туралы шешімді Университеттің Директорлар Кеңесі қабылдайды.

## **7. УНИВЕРСИТЕТ ОРГАНДАРЫ**

41. Университет органдары:

- 1) Университеттің жоғарғы органы – Жалғыз акционер;
- 2) Университеттің басқарушы органы – Директорлар кеңесі;
- 3) Университеттің коллегиялық атқарушы органы – Басқарма;
- 4) Университеттің қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыратын орган – Ішкі аудит қызметі;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) осы Жарғыға сәйкес өзге де органдар

## **8. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

42. Жалғыз акционер құқылы:

- 1) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және (немесе) осы Жарғысымен белгіленген тәртіпте Университетті басқаруға қатысуға;
- 2) Университеттің қызметі туралы ақпарат алуға, онымен қоса Жалғыз акционер белгілеген тәртіпте Университеттің қаржылық есебімен танысуға;

3) Университеттің тіркеушісінен немесе нақтылы ұстаушыдан Университеттің құнды қағазына өзінің меншік құқығын растайтын үзінді-көшірмені алуға;

4) Университет органдары қабылдаған шешімді сот тәртібімен даулауға;

5) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес сот органдарына өз атынан жүгініп, Университеттің лауазымды тұлғаларының Университетке келтірген зиянын өтеуін талап етуге, Университеттің лауазымды тұлғалары және Университет мүдделілік танытқан мәмілелерді және ірі мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдауы нәтижесінде алынған пайданы (табысты) Университетке қайтаруын талап етуге;

6) Университет қызметі жөнінде мәлімет алу үшін Университетке жазбаша сауал жіберуге және сауал түскен күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде оған дәлелді жауап алуға;

7) Директорлар Кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

8) өз қаражаты есебінен аудиторлық ұйымның Университетте аудит өткізуін талап етуге құқылы;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Директорлар Кеңесіне Университеттің Жалғыз акционерімен қаралатын мәселелерге қосымша сұрақтар енгізу туралы ұсыныс жасау;

10) егер Директорлар кеңесінің Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Университет Жарғысымен қабылданған талаптарын бұзып жасалынған болса, және осы шешімде Жалғыз акционердің және (немесе) Университеттің құқығы мен міндеттері бұзылған болса, сот тәртібімен даулауға;

11) осы тармақта қарастырылған Жалғыз акционердің құқықтары түпкілікті болып табылмайды. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да құқықтармен қолдана алады.

43. Жалғыз акционер міндетті:

1) акцияларды төлеуге;

2) Университеттің тіркеушісіне және акцияларды нақтылы ұстаушыға Университеттің акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгеруін он күн ішінде хабарлауға;

3) Университет туралы немесе оның қызметі туралы коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын ақпараттарды жарияламауға;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес өзге де міндеттемелерді орындауға.

44. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

1) осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) Корпоративтік басқару кодексін бекіту, сонымен қатар оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

3) Университетті өз еркімен қайта құру немесе тарату;

4) Университеттің жарияланған акцияларының көлемін ұлғайту туралы шешім қабылдау;

5) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, мүшелерін сайлау және олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мемлекеттік қызметші болып есептелетін мүшелерін қоспағанда, Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеудің және



шығындарын өтеудің мөлшері мен шартын анықтау;

6) Университетті тексеретін аудиторлық ұйымды анықтау;

7) Университеттің жылдық қаржылық есебін бекіту;

8) Бұқаралық ақпарат құралдарының анықтамасын қоса алғанда, Университеттің қызметі туралы ақпарат беру тәртібін анықтау;

9) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес оларды сатып алған кезде акциялардың құнын айқындау әдістемесін бекіту және оны өзгерту;

10) жалпы акционерлер жиналысының күн тәртібін бекіту;

11) Университет акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

12) Университетке тиісті барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе оның қызметіне Университеттің қатысуы туралы немесе өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

13) Жасалуына мүдделі Университет мәміле жасасу туралы шешімді қабылдау? Егер мұндай шешім Директорлар кеңесі қабылдай алмаған жағдайда;

14) нәтижесінде елу және одан да көп пайызы иеліктен шығарылатын (иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле жасасу туралы шешімді қабылдау, құны Университет активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) Университеттің ірі мәмілені жасасуы туралы шешім қабылдауы;

15) заңнамаға және (немесе) осы Жарғыға сәйкес Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне жататын өзге де мәселелер бойынша шешімдерді қабылдау.

45. Жалғыз акционер Университеттің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Университеттің басқа органдарының кез келген шешімін жоюға құқылы.

46. Жалғыз акционер қаржылық жылдың бітуіне қарай жыл сайын бес айдың ішінде жылдық жалпы акционерлердің құзырына кіретін сұрақтар бойынша шешім қабылдауға тиіс.

47. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен келісілген мәселелерді қоспағанда, Жалғыз акционердің құзыретіне жататын Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген мәселелер бойынша шешім Жалғыз акционер дербес қабылдайды немесе Жалғыз акционердің лауазымды адамы осындай шешімдер қабылдауға құқылы және бұл шешімдер жазбаша түрде ресімделуге жатады.

48. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Жалғыз акционердің қарауына ұсынылған сұрақтар бойынша шығыстарды Университет көтереді;

49. Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне жататын мәселелерді Университеттің Басқармасы немесе Директорлар кеңесі әзірлейді;

50. Жалғыз акционердің қарауына ұсынылған мәселелерге қатысты материалдар осы мәселе бойынша дәлелдерге негізделген дұрыс шешім қабылдауға қажетті көлемдегі ақпаратты қамтуы тиіс;

51. Университет Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау мәселесіне қатысты материалдарда үміткерлер туралы мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- 1) Тегі, аты, қалауы бойынша – әкесінің аты;
- 2) Білімі туралы мәлімет;
- 3) Соңғы үш жылдағы жұмыс орындары, атқарған қызметі туралы мәлімет;
- 4) Үміткердің біліктілігін, жұмыс өтілін растайтын өзге де мәліметтер.

52. Жалғыз акционердің қарауына Директорлар кеңесін сайлау туралы мәселе қойылған жағдайда (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау), материалдарда Директорлар кеңесіне ұсынылған кандидаттың Жалғыз акционердің өкілі болып табылатынын және (немесе) ол Университет Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі лауазымына үміткер екендігін көрсету керек.

## **9. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ**

53. Директорлар кеңесі, заңнамаға және (немесе) осы Жарғыға сәйкес Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелер шешімінен басқа, Университет қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

54. Директорлар кеңесінің мүшелері сайланады:

- 1) акционерлерден - жеке тұлғалар;
- 2) акционерлердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылған тұлғалардан;
- 3) Университет акционері болып табылмайтын және акционерлердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған жеке тұлғалардан сайланады.

55. Директорлар Кеңесі мүшелерінің саны үштен кем болмауы тиіс.

56. Директорлар кеңесіне сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғысымен бекітіледі.

57. Басқарма төрағасы-Ректордан басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма Төрағасы-Ректор Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланбайды.

58. Директорлар кеңесінің құрамына мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті орган өкілдері және Жалғыз акционер, лауазымы бойынша Басқарма төрағасы-Ректор, тәуелсіз директорлар кіреді.

59. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Университеттің Директорлар кеңесі құрамына сайланған тұлғалар шектелмеген мерзімге қайта сайлана береді.

60. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционердің жаңа Директорлар кеңесін сайлау туралы шешімі қабылданғанда тоқтатылады. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жеке мүшелерінің өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқығы бар. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттілігі Жалғыз акционердің өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімі қабылдаған уақыттан бастап тоқтатылады.

61. Директорлар кеңесінің мүшесі өкілеттігін өз еркімен мерзімінен бұрын тоқтату үшін Директорлар кеңесіне ол туралы жазбаша хабарландыру береді. Директорлар кеңесі аталған хабарландыруды алған мезеттен бастап, сол мүшесінің өкілеттігі тоқтатылады.

62. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімнен бұрын тоқтатылып, Жалғыз акционер шешімімен Директорлар кеңесінің жаңа мүшесі сайланған жағдайда, соңғысының өкілеттігі Директорлар кеңесінің жалпы өкілеттік мерзімімен бірге бір мезгілде тоқтатылады.

63. Университет Директорлар кеңесінің Төрағасы кеңес мүшелері қатарынан, Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысымен кұпия түрде сайланады.

64. Директорлар кеңесінің төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген тәртіпте:

1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады және жұмыс тиімділігін қамтамасыз етеді, Директорлар кеңесі отырысын жүргізеді;

2) Университеттің атынан Университеттің Басқарма төрағасы-Ректормен шарт жасасады, Директорлар кеңесі шешіміне сәйкес лауазымдық айлықақы мөлшерін белгілейді, материалдық жауапкершілік туралы және өзге де шарттарды жасасады;

3) Университеттің Корпоративтік хатшысына және Ішкі аудит қызметіне өздерінің міндеттерін және функцияларын тиісінше жүзеге асыру мақсатында тапсырмалар береді;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Университеттің Жарғысында, ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген міндеттерді және функцияларды жүзеге асыру мақсатында Басқарма төрағасына және Басқарма мүшелеріне тапсырма береді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғысына, ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес өзге де функцияларды атқарады.

65. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның міндеттерін Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің бір мүшесі орындайды.

66. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1) Университеттің стратегиялық бағытын бекіту;

2) мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шығару туралы шешім қабылдау;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

4) орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды Университеттің сатып алуы туралы және сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Университеттің жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

6) Басқарма мүшелерінің сандық құрамын, олардың өкілеттік мерзімін белгілеу, Басқарма төрағасы – Ректорды қоспағанда Басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

7) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін анықтау, ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің еңбекақы және сыйақы мөлшері мен төлеу шарттарын;

8) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін белгілеу, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық айлықақысы мөлшерін және сыйақы төлеу шарттарын белгілеу, оған тәртіптік жаза қолдану туралы шешімдерді қабылдау, Университеттің корпоративтік хатшысы туралы ережені бекіту;

9) қаржылық есептілікке аудит жүргізгені үшін аудиторлық ұйым қызметіне төленетін төлем мөлшерін анықтау, сондай-ақ Университеттің акциялары төлеміне

берілген немесе ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүлікті нарықтық бағалаудағы бағалаушының қызметіне төленетін төлем мөлшерін анықтау;

10) Университеттің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды, оның ішінде Директорлар кеңесімен бекітілген ішкі құжаттардың классификаторына сәйкес бекіту;

11) Жалғыз акционердің шешімдерінен туындайтын шешімдерді қабылдау;

12) Университет филиалдары мен өкілдіктерін құру, жабу туралы шешімдерді қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

13) Университетке тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Университеттің өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

14) басқа заңды тұлғалар акцияларының он және одан көп (жарғылық капиталдағы қатысу үлесімен) пайызын Университеттің сатып алуы (иеліктен шығару) туралы шешім қабылдау;

15) заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысы құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешім қабылдау, олардың акцияларының он және одан көп (жарғылық капиталдағы қатысу үлесімен) пайызы Университетке тиесілі.

16) Университеттің міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту

17) Университет туралы немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын ақпаратты анықтау;

18) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Университеттің Жалғыз акционерінің шешімімен қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, Университет мүдделі ірі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

19) Университеттің Даму жоспарын бекіту, жүзеге асыруын бағалау, орындау есебін бекіту;

20) Университеттің, оның филиалдарының, өкілдіктерінің ұйымдық құрылымын және штат санын бекіту;

21) заңнамасында және (немесе) Университет Жарғысында көзделген, Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

67. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жататын мәселелерді шешу құқығы Басқармаға берілмейді.

68. Жарғы бойынша Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға Директорлар Кеңесінің құқығы жоқ, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешіміне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқығы жоқ.

69. Директорлар кеңесінің мәжілістері Директорлар кеңесі бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес жыл сайын өз құзыретінің мерзімінің басында өткізіледі.

70. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Университет Басқармасының бастамасы бойынша шақырылуы мүмкін немесе:

1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;

2) Университеттің ішкі аудит қызметінің;

3) Университеттің аудитін өткізетін аудиторлық ұйымның

4) Жалғыз акционердің талап етуімен шақырылуы мүмкін.

71. Директорлар кеңесі отырысын шақыру талабы Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысына ұсынылатын күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарламаны жіберу арқылы іске асырылады.

Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты өткізуден бас тартса, бастамашы аталған талаптармен Басқарма Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті Басқармаға жүгінуге құқылы.

Директорлар кеңесінің отырысын шақыру талабы түскен күннен бастап он бес жұмыс күннен кешіктірмей Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Басқармамен шақыруы тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысына аталған талаптарды ұсынған тұлға міндетті түрде қатысады.

72. Директорлар кеңесі отырысының жазбаша хабарламасы күн тәртібіндегі мәселелер туралы материалдарды қоса бере отырып, жиналыс өткізілгенге дейін жеті күнтізбелік күннен кешіктірмей Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберіледі. Егер Директорлар кеңесінің мәжілісі шұғыл түрде шақырылса, хабарлама отырыстың күн тәртібіне енгізілген барлық материалдармен бірге отырыс өткізілгенге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс. Ерекше жағдайларда, Директорлар кеңесі Төрағасының шешімі бойынша материалдар жиналыс болатын күнінен бір жұмыс күн бұрын жіберілуі мүмкін.

73. Директорлар кеңесі отырысын өткізу туралы хабарламада отырыс өткізілетін күні, уақыты және орны, оның күн тәртібі болуы тиіс, сондай-ақ ашық отырыс өткізілсе, отырысқа қатыса алмаған жағдайда күн тәртібі бойынша жазбаша хабарландыру жіберіп, дауыс беру мүмкіндігі туралы Директорлар кеңесі мүшесіне түсіндіру мәтіні де жазылады.

74. Егер Директорлар кеңесінің мүшесі өзі отырысқа қатыса алмаса, Директорлар кеңесінің мүшесінің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз пікірін жазбаша білдіруге құқығы бар. Бұл ретте Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы Басқармаға алдын ала хабарлауға міндетті.

75. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің жазбаша пікірін Директорлар кеңесі отырысын өткізгенге дейін кем дегенде 1 (бір) жұмыс күні қалғанда ұсынуы керек.

76. Директорлар кеңесіне төрағалық етуші отырысқа қатыспаған Директорлар кеңесі мүшелерінің ұсынылған жазбаша пікірлерін Директорлар кеңесі отырысында осы пікірлерге қатысты күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру басталғанға дейін жариялауы керек.

77. Директорлар кеңесі отырысын өткізу үшін кворум – Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауы тиіс және Директорлар кеңесі отырысына келмеген, бірақ қаралатын мәселелерді талқылауға және дауыс беруге техникалық байланыс құралдарын (бейнеконференция, телефон арқылы конференц-байланыс режимінде) қолданып, пікірін ұсынған немесе жазбаша түрде дауыс берген мүшелерін есепке ала отырып, анықталуы мүмкін.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақта көрсетілген кворумға жеткіліксіз болса, Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің қарауына Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау (тағайындау) туралы мәселені шығаруы

керек. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Жалғыз акционердің қарауына осындай мәселені шығару туралы шешімді қабылдауға құқылы.

78. Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Егер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында және Осы Жарғыда басқаша көзделмесе, Директорлар Кеңесінің шешімі Директорлар Кеңесі отырысына қатысып отырған мүшелердің басым дауысымен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда, Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесі отырысында төрағалық ететін тұлғаның дауыс шешуші болып табылады.

Университеттің Директорлар кеңесіне қатыспаған Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында осы Жарғыда бекітілген тәртіпті бұзып, қабылданған шешімге қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі сот тәртібімен шешімге қарсы болуға құқылы.

Директорлар Кеңесі жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқығы бар, оған тек Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

79. Директорлар кеңесінің ашық тәртіппен өткізілген отырысында қабылданған шешімдер хаттама түрінде ресімделеді. Хаттама отырыс өткен күннен бастап үш күннен кешіктірілмей Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе отырыста төрағалық еткен тұлға және Корпоративтік хатшы қол қойылған және сондай-ақ мына мәліметтерді қамтитын хаттама түрінде ресімделеді :

- 1) Университет Басқарманың толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) отырысты өткізу күні, уақыты мен орны;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәлімет;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген дауыс беру қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

80. Сырттай дауыс беру үшін Директорлар кеңесінің отырысы өткізілмейді.

81. Сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін Директорлар кеңесінің отырысы туралы жазбаша хабарламаға қоса сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер беріледі, ол бірыңғай формада Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне беріледі.

82. Сырттай дауыс беру бюллетеньдерінде қамтылуы тиіс:

- 1) Университет Басқармасының толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) қол қойылған бюллетеньді тапсырған датасы;
- 3) отырысының күн тәртібі;
- 4) дауыс беруге қойылған мәселелер және дауыстардың варианттары;
- 5) өзге де мәліметтер.

83. Сырттай дауыс беру бюллетенін Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін 1 (бір) күнтізбелік күннен кешіктірмей ұсынуы тиіс.

84. Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдердің кворумы болған жағдайда ғана қабылданған деп танылады. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша ресімделуі тиіс және оған

Директорлар кеңесінің төрағасы және Корпоративтік хатшы қол қоюы қажет. Сырттай дауыс беру бюллетендерінде келесілер қамтылуы тиіс:

- 1) Университет Басқармасының толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) сырттай отырыс шешімінің жазбаша ресімделген күні мен орны;
- 3) Директорлар кеңесінің құрамы туралы мәліметтер;
- 4) отырысты шақыруды жүзеге асырған адамды (органды) өрсету;
- 5) отырыстың күн тәртібі;
- 6) шешім қабылдау үшін кворумның болуы/болмауы туралы жазба;
- 7) дауыс беруге қойылған мәселелер және Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 8) өзге де мәліметтер.

Шешімді ресімдеу күнінен бастап жиырма күн ішінде шешім Директорлар кеңесі мүшелеріне жіберілуі тиіс және оны қабылдауға негіз болған бюллетеньдердің көшірмелері қоса жіберіледі.

85. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері, сондай-ақ қол қойылған бюллетендер Университетте сақталады.

86. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысуы үшін беруі керек және (немесе) өзінің қолын қойып, Университеттің мөрімен куәландырып, хаттамадан үзінді-көшірмені және шешімдерді беруі керек.

## 10. БАСҚАРМА

87. Университеттің ағымдағы қызметін басқаруды Басқарма жүзеге асырады. Басқарма - коллегиялық орган. Басқарманы Басқарма Төрағасы – Ректор басқарады.

88. Басқарма Төрағасы - Ректорды лауазымына Жалғыз акционер тағайындайды.

**Ескерту. 88-тармаққа ҚР Денсаулық сақтау министрінің 18.11.21 ж. № 721 бұйрығына сәйкес өзгерістер енгізілді (осы бұйрық Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді).**

89. Жалғыз акционердің тапсырмасы бойынша тағайындалатын оның акционерлері болып табылмайтын, Университет қызметкерлері Басқарманың мүшелері бола алады.

90. Басқарма кем дегенде үш адамнан тұруы тиіс.

91. Басқарма заңнамамен және Жарғымен Университеттің басқа органдарының және оның лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған кез-келген мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқылы, соның ішінде:

- 1) заңнамада және Жарғыда белгіленген тәртіпте Университ атынан жасалатын мәмілелер бойынша Университ міндеттерінің орындалуын қамтамасыз етеді;
- 2) Директорлар кеңесі бекіткен штат санын есепке алып, Университ, оның филиалдары мен өкілеттіктерінің штат кестесін және ұйымдық құрылымын бекітеді;
- 3) Университтің қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды Директорлар кеңесі бекіткен классификаторға сәйкес бекітеді;

4) Университтің жекеменшік капиталы мөлшерінің он пайызына дейін құрайтын сомаға Университтің міндеттерін көбейту туралы шешімді қабылдайды;

5) Университтің ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

6) Университтің тауар белгісін және Университтің өзге де корпоративтік сәйкестендіру құралдарын бекітеді;

7) Акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да кем емес пайызы Университетке тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын әрекет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

8) ішкі бақылау саясатын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;

9) Университтің стратегиялық бағыттарын әзірлеу;

10) Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылмаған басқа да мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

92. Басқарма Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

93. Университтің Басқарма төрағасы – Ректор басқа заңды тұлғаның атқарушы орган басшысының немесе атқарушы орган функцияларын жеке дара атқаратын тұлғасының лауазымын атқаруға құқығы жоқ. Басқарма мүшелері Директорлар кеңесінің рұқсаты болған жағдайда ғана, басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

94. Егер Басқарма мүшесі Университтің мәмілені жасауына мүдделі болған жағдайда, ол заңнамада көзделген ақпаратты Басқарманың және Директорлар кеңесінің назарына жеткізуге міндетті.

95. Университеттің Басқарма Төрағасы - Ректор Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды, қолданыстағы заңнамамен және Университет Жарғысымен Университеттің басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Университет әрекетінің кез-келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

96. Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректор Университтің қаржылық-шаруашылық қызметіне, мүліктің сақталуына және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті ұйымдастыруға жеке жауапкершілікте болады.

97. Басқарма төрағасы–Ректор осы Жарғыда белгіленген тәртіпте:

1) Басқарманы басқарады;

2) Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Университет Басқармасының шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынасында, Университет атынан сенімхатсыз жұмыс жасайды;

4) Университеттің атынан үшінші тұлғалармен қарым-қатынас жасау үшін сенімхат береді;

5) Университет қызметкерлерін қызметке қабылдау, басқа қызметке ауыстыру және қызметтен босатуды жүзеге асырады (Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғам туралы» Заңында белгіленген жағдайларды қоспағанда), оларға көтермелеу шараларын қолданады, Университеттің штаттық кестесіне сәйкес лауазымдық айлықақы және айлықақыға дербес үстеме мөлшерін белгілейді, Басқарма және Ішкі аудит қызметі құрамына кіретін қызметкерлерді, Корпоративтік хатшыны қоспағанда, олардың сыйақы мөлшерін анықтайды;



- 6) шарттарды жасасады және Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің құзыретіне жатпайтын өзге де мәмілелерді жасасады;
- 7) өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттемелерін орындауды Басқарма мүшесінің біреуіне жүктейді;
- 8) Басқарма мүшелерінің және Университеттің басқа қызметкерлері арасында міндеттерін, сондай-ақ өкілеттік аясы мен жауапкершілікті бөледі;
- 9) заңнамаға сәйкес Директорлар кеңесі алдында есеп береді;
- 10) Университеттің банк шотын және басқа да шоттарын ашады;
- 11) өз құзыреті шегінде бұйрықтар, өкімдер шығарады;
- 12) Басқарма отырысын өзінің бастамасымен немесе Басқарма мүшесінің өтінішімен шақырады;
- 13) Директорлар кеңесі бекіткен классификаторға сәйкес ішкі құжаттарды бекітеді;
- 14) Басқарма хатшысының функцияларын Университет қызметкерлерінің біреуіне жүктейді;
- 15) Университеттің даму жоспарын әзірлеуді, сонымен қатар с заңнамаға сәйкес оны жүзеге асыру (орындау) туралы есептерді әзірлеуді қамтамасыз етеді;
- 16) Университеттің ағымдағы және перспективалық жоспарларының орындалуын қамтамасыз етеді;
- 17) Университет филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын тағайындайды және оларды қызметтен босатады;
- 18) Университеттің жұмыс режимін белгілейді;
- 19) Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің, сондай-ақ Университет Басқармасының ерекше құзыретіне жатпайтын міндеттерді орындауға қажетті Университеттің ағымдағы қызметіне қатысты барлық мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

98. Басқарма мүшелері залалдың алдын алу үшін, Университет қызметін оңтайландыру үшін Басқарма отырысын шақыруға бастамашылық жасап, Басқарма Төрағасы – Ректорды ақпараттандыру жолымен немесе басқа да қолжетімді тәсілмен қажетті шараларды қолдануға міндетті. Басқарма мүшелері Басқарма Төрағасы – Ректорды өздері жетекшілік ететін істер ахуалы туралы хабардар етеді.

## **11. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ**

99. Университеттің Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесінің Университет қызметін жетілдіру мақсатында Университеттің қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылау саласын, riskілерді басқару және консультация беру жүйесін бағалауды жүзеге асыру мақсатында құрылады.

100. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және оның алдында өз қызметі туралы есеп береді. Ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары, құқығы, жауапкершілігі және жұмыс тәртібі Директорлар кеңесі бекіткен Ішкі аудит қызметі туралы ережемен айқындалады.

101. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесіне және Басқармаға сайлана алмайды.

102. Университетпен Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамаларымен, осы Жарғымен реттеледі.

## **12. КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ**

103. Корпоративтік хатшы:

- 1) өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын және ішкі нормативтік құжаттарды сақтауға;
- 2) өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін басшылыққа алуға;
- 3) Директорлар кеңесі төрағасының тапсырмаларын орындауға;
- 4) Директорлар кеңесінің талап етуі бойынша өз қызметі туралы есеп беруге;
- 5) Директорлар кеңесі мүшелерін қызметке кірісуіне қолдау көрсетуге;
- 6) Директорлар кеңесіне қолданыстағы заңнама нормаларына, акционер құқықтарына қауіп туындататын жағдайлардың, сондай-ақ корпоративтік шиеленістердің туындағаны туралы ақпарат беруге міндетті.

104. Корпоративтік хатшының функциялары, құқықтары мен міндеттері Директорлар кеңесі бекіткен корпоративтік басқару Кодексімен және корпоративтік хатшы туралы Ережемен анықталады.

## **13. УНИВЕРСИТЕТТІҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫ**

105. Университеттің лауазымды тұлғалары (Директорлар кеңесінің мүшелері және Басқарма мүшелері):

- 1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Университет пен Жалғыз акционердің мүдделеріне барынша сай келетін тәсілдерді қолданады;
- 2) Университеттің мүлкін Университеттің Жарғысына, Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы мақсатта, сондай-ақ жеке мақсатта пайдаланбауы немесе пайдаланылуына жол бермеуі керек және өзінің үлестес тұлғаларымен мәміле жасасу барысында теріс пайдаланбауы тиіс;
- 3) бухгалтерлік есептің және қаржылық есептілік жүйелерінің тұтастығын, сондай-ақ тәуелсіз аудит өткізуді қамтамасыз етуге міндетті;
- 4) заңнама талаптарына сәйкес, Университеттің қызметі туралы ақпаратты ашу және ұсыну жұмысын бақылайды;
- 5) егер Университеттің ішкі құжаттарында басқаша көрсетілмесе, Университет қызметі туралы ақпаратын, соның ішінде Университетте қызмет тоқтатқан уақыттан бастап үш жылдың ішінде, оның құпиялылығын сақтауға міндетті.

106. Жалғыз акционердің шешімімен Университет немесе Жалғыз акционер өз атынан, Университеттің лауазымды тұлғасына және (немесе) үшінші тұлғаға, егер осындай мәмілені жасасу және (немесе) жүзеге асыру кезінде Университеттің осы лауазымды тұлғасы осындай үшінші тұлғамен келісім негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, Университеттің жарғысы мен ішкі құжаттарының талаптарын немесе оның еңбек шартын бұза отырып әрекет етсе, Университет осы үшінші тұлғамен жасаған шарт нәтижесінде Университетке келтірілген залалдарды өтеуі туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы. Бұл жағдайда аталған үшінші тұлға және Университеттің лауазымды тұлғасы осындай залалдарды өтеу кезінде ынтымақты борышкерлер ретінде әрекет етеді.

107. Жалғыз акционер Университеттің лауазымды тұлғаларының келтірген залалдарды Университетке өтеуі және ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы шешімдер (жасасуға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) Университеттің лауазымды тұлғаларының

және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының Университетке қайтаруы туралы талаппен сот органдарына жүгінер алдында Директорлар кеңесі төрағасына хабарлауы тиіс.

Директорлар кеңесінің Төрағасы жоғарыда көрсетілген өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге шақыруға міндетті.

Жалғыз акционердің өтініші бойынша Директорлар кеңесінің шешімі отырыс өткізілген күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде оның назарына жеткізіледі. Директорлар кеңесінің көрсетілген шешімін алғаннан кейін не оны осы тармақта белгіленген мерзімде алмаса, Жалғыз акционер өз атынан аталған мәселе бойынша директорлар кеңесінің төрағасына акционердің өтініш жасағанын растайтын құжаттар болған кезде Университет мүдделерін қорғау үшін талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

108. Мәміленің жасалуына мүдделі және орындау нәтижесінде Университетке залалдар келтірілген мәміле жасасуды ұсынған лауазымды тұлғаны қоспағанда, Университеттің лауазымды тұлғалары, егер Университеттің органы қабылдаған, Университетке не акционерге залалдар келтіруге әкеп соқтырған шешімге қарсы дауыс берсе немесе дәлелді себептермен дауыс беруге қатыспаса, жауаптылықтан босатылады.

Егер лауазымды адамның Университет лауазымды адамдары қызметінің АҚ туралы Заңында белгіленген қағидаттарын сақтай отырып, шешім қабылдау кезінде өзекті (тиісті) ақпарат негізінде тиісінше әрекет еткені және мұндай шешім Университет мүдделеріне қызмет етеді деп негізді түрде есептегені дәлелденген болса, ол коммерциялық (кәсіпкерлік) шешімнің нәтижесінде туындаған залалдарды өтеуден босатылады.

109. Егер Университеттің қаржылық есептілігі Университеттің қаржылық жағдайын теріс көрсетсе, сол қаржылық есепке қол қойған Университеттің лауазымды тұлғалары, осының нәтижесінде материалдық залал келтірілген үшінші тұлғалар алдында жауапты болады.

#### **14. УНИВЕРСИТЕТКЕ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ**

110. Азаматтарды Университетке қабылдау төмендегі тәртіпке сәйкес жүргізіледі:

- 1) тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен интернатура туралы ережеге;
- 2) білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіби оқыту бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаға;
- 3) Үкіметтің Қаулысымен бекітілген қосымша кәсіби білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелеріне;
- 4) тиісті саланың уәкілетті органмен бекіткен медицина және фармацевтика кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау ережелерімен;
- 5) Университет ректорымен белгіленген тәртіпте бекіткен Университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен.

111. Университетке орташа жалпы (жалпы орташа), бастауыш кәсіби (техникалық және кәсіби), орташа кәсіби және жоғары білімі бар Қазақстан

Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар қабылданады.

112. Шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда бекітілген тәртіпте оқуға қабылданады.

113. Университет білім алушыларды қабылдау барысында өзін және оның ата-анасын немесе басқа заңды өкілдерін Университет Жарғысымен, білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін лицензиямен және оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру мен қабылдау тәртібін айқындайтын басқа құжаттармен таныстыруға міндетті.

114. Университетке түсушілердің құжаттарын қабылдауды ұйымдастыру және азаматтарды оқуға қабылдау үшін қабылдау комиссиясы ұйымдастырылады.

115. Оқытудың барлық нысандары бойынша студенттер контингентін қалыптастыру қабылдау комиссиясының негізгі міндетті болып табылады.

116. Университет денсаулық сақтау мен білім берудің тиісті саланың уәкілетті органына студенттерді қабылдау барысы және білім беру саласының тиісті саланың уәкілетті органымен бекітілген мерзімі мен формасы бойынша қабылдау туралы қорытынды есептілік жөнінде ақпаратты ұсынады.

117. Оқуға түскен тұлғалармен Университет білім беру саласының тиісті саланың уәкілетті органымен үлгілік нұсқасы бекітілген шартты рәсімдейді.

118. Университет пен білім алушының, оның ата-анасы мен басқа заңды өкілдерінің қарым-қатынасы білім беру қызметін жүзеге асыруына байланысты білім беру қызметін көрсету шартымен реттеледі.

119. Білім алушылар Университеттен келесі негіздер бойынша шығарылуы мүмкін:

- 1) өз еркімен;
- 2) қазаға ұшырауына байланысты, сондай-ақ сот шешімі бойынша хабарсыз жоқ болуы, қазаға ұшырауы мойындалған жағдайда;
- 3) оқуын одан әрі жалғастыру үшін басқа білім беру мекемесіне ауысуына байланысты;
- 4) орынсыз себеппен бекітілген мерзімде оқу жоспарын орындамағаны немесе мемлекеттік қорындылау аттестациясында қанағаттанарлықсыз баға алғаны үшін;
- 5) Университет Жарғысымен, Ішкі тәртіп Ережелерімен және Университет жатақханасында тұру Ережесімен қарастырылған студенттік міндеттерін біржолғы өрескел орындамағаны үшін;
- 6) бұзушыға бұрын тәртіпке келтіру шарасы қолданылған жағдайда Университет Жарғысымен, Ішкі тәртіп Ережелерімен және Университет жатақханасында тұру Ережесімен қарастырылған міндеттерді жүйелі бұзғаны үшін;
- 7) оқуды жалғастыру мүмкіндігінен айыратын, білім алушы бас бостандығынан айрылуы немесе басқа жазаға тартылғаны туралы Сот үкімі заңды күшіне енген жағдайда,
- 8) білім алу келісім-шартында қарастырылған шарттарды бұзғаны үшін;
- 9) Университетке түсу мен оқуға байланысты білім алушы жасанды құжаттар тапсыруы немесе жалған ақпарат ұсынуына байланысты;
- 10) білім алушының әректі Университеттің іскерлік мәртебесі мен атағына нұсқан келтіретін жағдайда;
- 11) академиялық демалыстан шықпауына байланысты;

12) Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған басқа да негіздер бойынша.

120. Білім алушыларды оқудан шығару деканның ұсынуы бойынша Университет ректорының бұйрығымен орындалады.

Білім алушы Университеттен шығарылған жағдайда, кету қағазы толтырылғаннан кейін оған жеке ісіндегі білімі туралы құжаттың түпнұсқасы мен білім алушының қалауы бойынша бекітілген формадағы академиялық анықтама беріледі.

121. Университетте білім беру мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттарына сәйкес мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жүзеге асырылады.

### **15. БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ ҮРДІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

122. Университетте білім беру мазмұны оқу бағдарламаларының негізгі мазмұнын, студенттердің оқу жүктемесінің жоғары көлемін, сондай-ақ мамандарды дайындау деңгейінің талаптарын айқындайтын жоғары білім және үлгілі оқу бағдарламаларының мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарында бекітілген талаптарды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін білім беру қызметінің жинағын ұсынады.

Университет үлгілі оқу бағдарламалары негізінде оқу жоспарлары мен бағдарламаларын дайындайды және бекітеді, соның ішінде бұрынғы дайындығы мен ерекшелігін ескере отырып, жеке тұлғаларға білім беру үшін.

123. Университет оқу сабақтарының басқа түрлерін жүргізе алады. Аудиториялық сабақ түрлері үшін ұзақтығы 50 минуттан кем емес академиялық уақыт бекітіледі.

124. Оқу сабақтарының ұйымдастыру мақсатында факультет деканының өкімі бойынша тілдік бөлімдері және мамандық профилімен академиялық топтар ұйымдастырылады.

125. Университет студенттердің білімін ағымдағы қадағалаудың нақты жүйесін бекітуге және анықтауға құқылы.

126. Университет гуманистік сипаттағы білімді, жалпы адами құндылықтардың мәнінен алынған тәрбие тапсырмаларын студенттен мен оқытушылардың оқу, ғылыми, шығармашылық, өндірістік және қоғамдық қызметімен бірге жүзеге асырады.

### **16. БІЛІМДІ ҚАДАҒАЛУ ЖҮЙЕСІ**

127. Студенттердің білімі, икемділігі мен дағдылары Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министірлігінің бұйрықтары мен Мемлекеттік жалпы міндетті білім стандарттарына сәйкес анықталады.

128. Университет білім алушыларға Мемлекеттік жалпы міндетті білім стандарттары бойынша оқу-кәсіптік бағдарламаларды меңгеру үшін барлық қажетті жағдайларды жасайды.

129. Барлық курстардағы (шығарылым курсынан басқа) оқу жылының ұзақтығы Университет ректорымен бекітілген Университеттің оқу жұмыс жоспарымен айқындалады.

Оқу жылы 1 қыркүйекте басталады және жұмыс оқу жоспарына сәйкес аяқталады.

Университетте негізгі оқу сабақтарының келесі түрлері бекітіледі: лекциялар, тәжірбиелік, семинарлар, тәжірбиелік сабақтар, зертханалық жұмыстар, консультациялар, коллоквиумдар, студенттердің өздік жұмыстары, оқытушының жетекшілігімен студенттің өздік жұмыстары, тәжірбие, бақылау жұмыстары,

студенттермен жеке сабақтар, Студенттердің аудиториялық және аудиториядан тыс өздік жұмыстары, консультациялар мен сабақтың басқа түрлері.

Оқу апталарының саны, тәжірбие мен демалыстың ұзақтығы мамандық бағдарламаларына байланысты және Университеттің жұмыс оқу жоспары мен Мемлекеттік жалпы міндетті білім стандарттарына сәйкес айқындалады.

Университетте қолданылатын жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім бағдарламасы жоғары білімі бар азаматтарға өзінің ғылыми, педагогикалық және кәсіби біліктілігін көтеруге мүмкіндік береді.

Университет бастапқы, іздестіру және қосымша ғылыми, сондай-ақ методикалық зерттеу жүргізеді.

Университет ғылыми зерттеулерін, оқу және әдістемелік жұмыстарды қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес және заңнамаға сәйкес жүргізеді.

130. Университеттің жоғары кәсіби білімнің мемлекеттік жалпы міндетті стандарттарын орындау мен білім беру қызметін лицензиялау барысында көрсетілетін біліктілік талаптарын сақтауды мемлекеттік бақылаудың негізгі формасы болып мемлекеттік аттестация мен білім беру қызметіне құқық беру болып табылады.

## **17. БІЛІМ БЕРУ ҮРДЕРІСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

131. Университетте білім алушылардың құқықтары мен міндеттері қолданыстағы заңнамамен, осы Жарғымен, Университеттің ішкі тәртіп ережелерімен және білім беру қызметтерін ұсыну туралы шартпен айқындалады.

132. Университет қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері еңбек заңнамасымен, осы Жарғымен, Университеттің ішкі тәртіп ережелерімен, сондай-ақ ұжымдық және еңбек шарттарының талаптарымен регламенттеледі.

133. Университетте білім алушылар:

- 1) білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;
- 2) Университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен жеке оқу жоспарлары, білім берудің қысқартылған оқу бағдарламалары бойынша білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары шеңберінде оқуға;
- 3) оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстар таңдауға;
- 4) өзінің бейімділігі мен қажеттіліктеріне сәйкес, білім және қосымша білім беру қызметтерін ақылы негізде алуға;
- 5) Университетті басқаруға қатысуға;
- 6) оқу орнына қайта қабылдануға және бір оқу орнынан басқасына, бір мамандықтан екіншісіне немесе оқудың бір нысанынан екіншісіне ауысуға;
- 7) Университеттегі ақпараттық ресурстарды ақысыз пайдалануға, Қазақстан Республикасы Үкіметімен белгіленген тәртіппен оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуіне;
- 8) спорт, оқу, акт залдарын, кітапхананы ақысыз пайдалануға;
- 9) өзінің пікірі мен сенімдерін еркін білдіруге;
- 10) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;
- 11) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға;
- 12) бүкіл оқу кезеңінің шығыстарын алдын ала төлеуге, бұл ретте шарт сомасы оқу мерзімі аяқталғанға дейін өзгермейді;

- 13) оқудан бос уақытта оқуды жұмыспен ұштастыруға;
- 14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, әскери қызметін кейінге қалдыруға құқығы бар.

134. Медициналық көрсетілімдер бойынша және өзге де ерекше жағдайларда білім алушыға академиялық демалыс беріле алады.

135. Университетте білім алушылар міндетті:

- 1) таңдаған мамандығы бойынша теориялық білімді, тәжірбиелік дағдыларды жаңа әдістерді меңгеруге;
- 2) белгіленген мерзімде оқу жоспарлары мен оқыту бағдарламаларын орындауға;
- 3) өздерінің денсаулығын күтуге, рухани және дене бітімін өздігінен жетілдіруге ұмтылуға;
- 4) амбулаториялық немесе стационарлық ем қабылдау кезінде, растайтын құжаттарды кейінгі ұсынумен Университетке жазбаша нысанда хабарлауға;
- 5) осы Жарғының талаптары мен Университеттің ішкі тәртіп ережелерін сақтауға;
- 6) әскери есепке тұру ережелерін сақтауға;
- 7) Университеттің оқытушыларына, қызметкерлері мен білім алушыларына құрметпен және сыпайы қарауға;
- 8) Университет мүлкіне ұқыптылықпен қарауға.

136. Міндеттер орындалмаған кезде студенттерді тәртіпке салу, тіпті Университеттен шығаруға дейінгі шаралар қолданылуы мүмкін.

137. Университет мемлекеттік тапсырыс бойынша бітірген күндізгі бөлімнің бітірушілерін жұмысқа орналастыруға жәрдем көрсетеді.

138. Заңды тұлғалармен шарттар негізінде Университетте даярланған бітірушілер келісім-шарт талаптарына сәйкес жұмысқа жіберіледі.

139. Білім алушылардың құқықтары мен міндеттері келісім-шарт талаптарымен де регламенттелуі мүмкін.

140. Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің:

- 1) кәсіби қызмет үшін жағдайлармен қамтамасыз етілуге;
- 2) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттардың талабын сақтау шарты барысында бағдарламалар мен бекітілген оқу жоспары бойынша жоғары сапалы оқу үрдісін қамтамасыз ету және педагогтың жеке ерекшелітеріне неғұрлым толық жауап беретін оқу формасы мен әдістерін еркін таңдауға,
- 3) бекітілген тәртіпте біліктілігін көтеруге;
- 4) Университет пен факультеттің ОҚУ кеңесіне таңдау жасауға және таңдалуға;
- 5) Университеттің, факультеттің және өзін-өзі басқарудың басқа органдарының оқу кеңесінің жиналыстарында оқу, әдістемелік, ғылыми, шығармашылық және өндірістік қызметтің маңызды сұрақтарын талқылауға қатысуға;
- 6) бекітілген тәртіпте халықаралық және республикалық ғылыми, әдістемелік съездерге, конференцияларға, кеңестер қатысуға;
- 7) педагогикалық және ғылыми қызметтегі жетістіктері үшін материалдық сыйақы алу мен моралдық мадақталуға, төсбелгілер мен медальдармен марапатталуға, құрмет атақтарын алуға;

- 8) өзінің кәсіби ар-намысын қорғауға;
- 9) Университет әкімшілігінің бұйрығы мен өкімін бекітілген заңды тәртіпте шағымдануға құқығы бар.

141. Университеттің профессорлық-оқытушылық және ғылыми құрамы:

- 1) педагогикалық және ғылыми үрдістердің жоғары нәтижелілігін, қамтамасыз етуге, білім алушылардың дербестігін, ынтасын, жеке және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, білім алушылардың мемлекеттік стандарттан төмен емес білім алуын қол жеткізу;
- 2) білім мазмұнында жоғары ғылыми деңгей қамтамасыз ететін ғылыми зерттеулер жүргізуге, оған білім алушыларды белсенді қатыстыруға
- 3) өзінің біліктілігін көтеруге;
- 4) Білім алушылардың оқуы мен тәрбиесін жоғары кәсіби деңгейде жүргізуге, ұлттық, жалпы адамгершілік, рухани-өнегелік құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу;
- 5) Педагогикалық әдеп нормаларымен Университеттің еңбек тәртібі Ережелері мен Жарғысын, құзыреті шегінде заңды және заңды құқылы актілерді сақтауға.

142. Ата-аналар және білім алушылардың өзге де заңды өкілдері Университеттен олардың оқу үлгерімі, тәртібі және оқу жағдайларына қатысты ақпаратты алуға құқылы.

## **18. АҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУДІҢ ТІЗІМІ МЕН ТӘРТІБІ**

143. Университет бюджет қаражаты есебінен білім алушыларға ақысыз білім беру қызметтерін ұсынумен қатар, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ақылы білім беру

144. Университет денсаулық сақтау саласындағы ақылы қызметтерді «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес көрсетеді.

145. Ақылы білім беру қызметтерін іске асыруға байланысты, Университет пен білім алушының, оның ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің өзара қарым-қатынастары білім беру деңгейін, оқу мерзімін, оқуға төленетін ақы мөлшерін, өзге де жағдайларды айқындайтын, ақылы негізде тауарларды (атқарылған жұмыстар мен көрсетілген қызметтерді) ұсынуға арналған шартпен реттеледі.

## **19. ҚАРЖЫ ЕСЕПТЕМЕСІ, ЕСЕП ҚҰЖАТТАМАСЫ ЖӘНЕ АУДИТ**

146. Университеттің бухгалтерлік есебін жүргізу мен қаржылық есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасымен белгіленеді.

Жылдық қаржылық есептілікті директорлар Кеңесінде алдын ала бекітіледі кемінде отыз күн бұрын шығарылған күнге дейін оны Жалғыз акционердің қарауына. Жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекіту Университетінің Жалғыз акционердің шешімімен жүргізіледі.

Жалғыз акционер жыл сайын қаржылық жыл аяқталған соң бес ай ішінде акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешім қабылдауы тиіс. Көрсетілген мерзім Университеттің аудитін есептік мерзімде аяқтау мүмкіндігі болмаған жағдайда үш айға дейін ұзартылған болып есептеледі.



Университет жыл сайын бұқаралық ақпарат құралдарында шоғырландырған жылдық қаржылық есептілікті, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болмаған жағдайда шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті уәкілетті орган белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жариялауға міндетті.

147. Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес, Университет мүдделілік танытқан ірі мәмілені және (немесе) мәмілені жасау туралы ақпарат жылдық қаржылық есептіліктің түсіндірме жазбасында көрініс табады. Сонымен қатар бұл Жалғыз акционерге және инвесторларға хабарланады. Нәтижесінде Университет активтері мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын сомадағы мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпарат мәміле тараптары, мәміле мерзімі және шарттары, қатысуға тартылған тұлғалар үлесінің көлемі және сипаты туралы мәліметті, сонымен қатар мәміле туралы өзге де мәліметтерді қамтуы тиіс.

148. Жылдық қаржылық есептіліктің дұрыстығын, сонымен қатар істердің ағымдағы жағдайын тексеру және растау үшін Университет жылдық қаржылық есептіліктің аудитін өткізуге міндетті

Университеттің қаржылық есептілігінің аудиті Директорлар кеңесінің, Басқарманың бастамасымен Университеттің есебінен немесе Жалғыз акционердің талабы бойынша, оның есебінен өткізілуі мүмкін. Бұл ретте Жалғыз акционер аудиторлық ұйымды өз бетінше таңдауға құқығы бар.

Егер аудит Жалғыз акционердің талабы бойынша өткізілетін болса, Университет аудиторлық ұйым сұраған барлық қажетті құжаттамаларды (материалдарды) беруге міндетті.

Егер Басқарма Университеттің қаржылық есептілік аудитін өткізуден бас тартса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талабы бойынша сот шешімімен белгіленуі мүмкін.

## **20. АҚПАРАТТЫ АШЫП КӨРСЕТУ, УНИВЕРСИТЕТ ҚҰЖАТТАРЫ**

149. Университет өз қызметі туралы ақпаратты интернет желісіндегі Университеттің корпоративтік интернет-ресурсында ([www.kazntu.kz](http://www.kazntu.kz)) жариялайды.

Университеттің келесі корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты Университет Жалғыз акционердің және инвесторлардың назарына жеткізуге міндетті:

- 1) Жалғыз акционер қабылдаған шешімдерді;
- 2) Директорлар кеңесінің тізімдегі сұрақтар бойынша қабылдаған шешімдері Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес мәліметтері Жалғыз акционер мен инвесторлар назарына жеткізілуі тиіс;
- 3) Университеттің акциялары мен басқа бағалы қағаздары шығарылымын, Университеттің бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есебін, Университеттің бағалы қағаздарын төлеу қорытындылары туралы есептерін уәкілетті органның бекітуі, уәкілетті органның Университеттің бағалы қағаздарының күшін жоюы;
- 4) Университет ірі мәмілелер жасауы және бір мезгілде келесі шарттарға сай келетін мәмілелер жасайды: Университеттің уәкілетті органы осындай мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдаған күнге Университет активтерінің жалпы құнының он және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алуға немесе сатуға байланысты Университеттің мүддесі бар мәмілелер болып табылады;

5) Университет активтерінің бес және одан көп пайызын құрайтын сомадағы Университеттің мүлкін кепілге (қайта кепілге салу) беруі;

6) Университеттің меншікті капиталының мөлшерінен жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын мөлшерде Университеттің қарыз алуы;

7) Университеттің қандай да бір қызмет түрімен айналысуы үшін лицензияны алуы және Университеттің қандай да бір қызмет түрімен айналысуы үшін бұрын алған лицензиясының күшін тоқтата тұруы және күшін жоюы;

8) Университеттің заңды тұлғаны құруға қатысуы;

9) Университет мүлкіне тыйым салу;

10) төтенше сипаттағы жағдайлардың орнауы, ол жағдайлардың салдарынан баланстық бағасы Университет активінің жалпы көлемінің он және одан да көп пайызын құрайтын Университет мүлкінің жойылуы;

11) Университеттің және оның лауазымды тұлғаларының әкімшілік жауапкершілікке тартылуы;

12) Университетті күштеп қайта ұйымдастыру туралы шешім;

13) корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғалу;

14) Университеттің осы Жарғысына сәйкес, сондай-ақ Университеттің акцияларын шығару проспектісіне сәйкес Университеттің Жалғыз акционерінің және инвесторлардың мүдделеріне қатысты басқа да оқиғалар.

150. Корпоративтік оқиғалар туралы мәлімет Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына және осы Жарғысына сәйкес беріледі.

151. Корпоративтік дау бойынша сотта азаматтық іс қозғалатындығы туралы ақпарат Университетке тиісті сот хабарламасы (шақыру) түскен уақыттан бастап жеті жұмыс күні ішінде Жалғыз акционерге берілуі тиіс.

152. Университет қызметтік немесе коммерциялық құпия мәліметтерді білетін Университет қызметкерлерінің тізімін міндетті түрде жасауды қамтамасыз етеді.

153. Университет қызметіне қатысты құжаттар Университет қызмет ететін мерзім ішінде Университет Басқармасы орналасқан жерде немесе Басқарманың шешімі бойынша басқа жерде сақталады.

154. Сақталуы тиіс құжаттар:

1) осы Жарғысы, оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

2) Университеттің белгілі бір қызмет түрімен айналысуға және (немесе) белгілі әрекетті (операцияларды) жасауға құқық беретін лицензиялары;

3) Университеттің балансында тұрған (болған) мүлікке иелік ету құқығын растайтын құжаттар;

4) Университеттің бағалы қағаздарын шығару проспектілері;

5) Университеттің бағалы қағаздарының шығарылымын мемлекеттік тіркеуді, бағалы қағаздарын жоюды растайтын құжаттар, сонымен қатар Университеттің бағалы қағаздарын үлестіру және төлеу қорытындылары туралы өкілетті органға ұсынылатын есептерін бекіту құжаттары;

6) Университеттің филиалдары және өкілдіктері туралы ережелер;

7) Жалғыз акционердің шешімдері және оларға тиісті материалдар;

8) Директорлар кеңесі отырысының хаттамалары (сырттай отырыс шешімдері) және бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз бюллетеньдер), Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдар;

9) Басқарма отырысының хаттамалары (шешімдері);

10) Корпоративтік басқару кодексі.

155. Басқа да құжаттар, оның ішінде Университеттің қаржылық есептері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзім бойы сақталады.

156. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес Университет талапты алған күннен бастап он кунтізбелік күн ішінде Университеттің Жалғыз акционердің талабымен қамтамасыз ету тиіс, бұл ретте қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат беру туралы шектеулерді рұқсат етіледі.

## **21. УНИВЕРСИТЕТТІҢ ФИЛИАЛДАРЫ ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТЕРІ**

157. Университет өз миссиясын және міндеттерін орындау үшін заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан мен басқа елдерде филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

158. Филиал Университеттің барлық функцияларын дербес жүзеге асырады (немесе оның бір бөлігін), Өкілдік университеттің мүддесін білдіреді және оларды қорғайды.

159. Филиалдар мен өкілдіктердің жетекшілері Университетте немесе басқа жоғары кәсіптік білім беру мекемесінде оқу-әдістемелік, ғылыми немесе ұйымдастырушылық жұмыс тәжірибесі бар адамдардан Университеттің Басқарма Төрағасы - Ректор тағайындалады және оларға берілген сенімхаттар негізінде әрекет етеді.

160. Филиалдар мен өкілдіктердің құрылуы және олардың қызметі ректордың ұсынысы бойынша және Директорлар кеңесінің шешімімен тоқтатылады. Филиалдар мен өкілдіктердің құрылуы, қызметі және қызметін тоқтату Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.

## **22. УНИВЕРСИТЕТТІ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ**

161. Университетті қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, шығу, қайта құру) Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша жүзеге асырылады.

162. Университетті қайта ұйымдастыруды, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, Жалғыз акционер мемлекеттік мүлік туралы уәкілетті органмен келісім бойынша жүзеге асырады.

## **23. УНИВЕРСИТЕТТІ ТАРАТУ**

163. Университетті ерікті түрде тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімімен қабылданады.

164. Университетті күштеп тарату мәселесі Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайда сот тәртібімен шешіледі.

Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше қарастырылмаса, Университетті мәжбүрлі түрде тарату туралы талапты сотқа мүдделі тұлғалар бере алады.

Жалғыз акционердің немесе соттың Университетті тарату туралы шешімімен Тарату комиссиясы тағайындалады.

Тарату комиссиясы оны тарату кезеңінде Университетті басқару өкілеттігіне ие болады және Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған әрекеттерді орындай алады.

Университетті ерікті түрде таратқан кезде тарату комиссиясының құрамына Жалғыз акционердің өкілдері, сонымен қатар Жалғыз акционердің шешіміне сәйкес өзге де тұлғалар кіруі тиіс.

165. Университетті тарату рәсімі және кредиторлар талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Университетті тарату кезінде оның жарияланған, оның ішінде орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жойылады.

Таратылатын Университеттің мүліктерін үлестіру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

## **24. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

166. Осы Жарғымен реттелмеген барлық жағдайларда Университет Қазақстан Республикасының заңнамасын және ішкі нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.

167. Осы Жарғы әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.